

1996 жылға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 сәуір N 432. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру және жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ұсынылып отырған 1996 жылға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге орталық және жергілікті атқарушы органдары, меншіктің барлық нысандарындағы жұмыс берушілер халықтың жұмыспен қамтылуын қолдау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Білім министрлігімен бірлесіп аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып кәсіпкерлікті, орта және шағын бизнесті дамыту үшін жаңа кәсіптер мен мамандықтарға айрықша назар аударып, жұмыссыздарды кәсіби оқыту мен қайта оқытуды ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі білікті кадрлар даярлау кезінде еңбек нарығындағы өзгерістерді ескерсін.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Бағдарламада көзделген нормативтік актілердің жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі 1997 жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметіне берсін. 6. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен өзге орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп 1996 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметіне 1997 жылға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасының жобасын енгізсін. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 432 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН 1996 жылға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасы

К І Р І С П Е

1996 жылға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасын мүдделі министрліктермен бірлесе отырып, облыстық, қалалық және аудандық әкімдердің қатысуымен Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі әзірледі.

Бағдарламаның басымдықтары Үкіметтің 1996-1998 жылдары реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының (бұдан былай - Үкімет Бағдарламасы) және атқарушы өкімет органдарының деректерін ескеріп Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі дайындаған еңбек нарығындағы жағдайды талдау мен болжаудың негізінде айқындалды.

I. 1995 жылғы еңбек нарығындағы жағдай және 1996 жылға арналған болжау

1995 жылы еңбек нарығындағы жағдай мынадай процестермен: белгіленген еңбек нарығында жұмыссыздықтың өсуімен; жұмысқа қабылданған қызметкерлер санының жұмыстан шыққандар санынан едәуір б а с ы м б о л у ы м е н ;

экономика секторлары мен салаларының арасында жұмыс күшінің мемлекеттік емес секторлардың пайдасына қайта бөлінуімен; қолда бар бос жұмыс орны мен жұмыс күшіне деген ұсыныстың арасындағы а л ш а қ т ы қ т ы ң ө с у і м е н ;

"жасырын" жұмыссыздықтың жыл бойы сақталуымен;

Қазақстанның облыстары, аудандары және қалалары бойынша жұмыссыздық деңгейінің одан әрі саралануымен;

халықтың еңбек ынтасының төмендеуімен, әсіресе экономиканың мемлекеттік секторларынан осыған байланысты жоғары білікті мамандардың к е т у і м е н с и п а т т а л а д ы .

1995 жылы жұмыстан босағандардың саны 136 мың адамға жетті, мұндағы әр төртінші адам өнеркәсіп орындарынан босаған, жұмыстан босау қарқынының өсуі ауыл шаруашылығында, саудада, қоғамдық тамақтандыру мен денсаулық сақтау мекемелерінде байқалды, құрылыста, көлік пен байланыс мекемелерінде жұмыстан б о с а у п р о ц е с і б ә с е н д е д і .

Мұнда экономиканың барлық саласында жұмыс істейтіндер саны 6,3 млн. а д а м ғ а ж е т т і .

Жұмыс күшіне деген сұраныс жыл ішінде ашық еңбек нарығында 70-74 мың адам, ал тіркелгендер 17-28 мың адам шегінде болды.

1995 жылы жұмыспен қамту қызметіне 203 мың жұмыссыз тіркелді, бұл 1994 жылға қарағанда 1,8 есе көп. Ресми жұмыссыздар ретінде тіркелгендердің саны жыл бойына 1,1-ден 3,2 процентке (жұмыссыздар санының экономика саласында

жұмыс істейтіндердің санына қатынасы) дейінгі аралықта болды.

Жұмыссыздықтың ұзақтығы өсті: жұмыс іздеушілердің тек 30 проценті ғана алғашқы төрт ай ішінде жұмыс тауып, 20 проценті 9-12 ай бойы жұмыссыз болды, жұмыссыздардың жалпы санының 8 проценті бір жылдан астам уақыт бойы жұмыс таба алмай жүрді.

1995 жылы республиканың жұмыспен қамту қызметіне 350 мың адам өтініш жасады, оның ішінде 27 проценті жұмысқа орналастырылды. Жұмыссыздардың жалпы санының 69 проценті жұмыссыздығы жөнінде жәрдем ақы алды, 3,4 проценті қоғамдық жұмыстарға қатысты, ал қалған 9,3 проценті - кәсіби оқыту мен қайта даярлаудан өтті.

Еңбек нарқындағы шиеленіс дәрежесі бойынша Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау және Семей облыстары ерекше көрінді, бұларда республика бойынша жұмыссыздықтың жалпы санының 40 проценті шоғырланды, ал жұмыссыздықтың деңгейі орташа республикалық көрсеткіш деңгейінен елеулі түрде асып түсті.

Толық немесе ішінара тоқтаған кәсіпорындарда ай сайын 650-750 мың адам жұмыс істейтіндер болып шартты түрде есепте тұрды.

"Жасырын" жұмыссыздықтың саны экономика саласындағы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 10 процент асып түсті.

Қалғандар химия, жеңіл өнеркәсіп, түрлі-түсті металлургия кәсіпорындары, мейлінше қиын жағдайда қалды.

ХЕҰ-ның әдістемесіне сәйкес толық емес жұмыспен қамтылған, сондай-ақ жұмыспен қамтылмаған бірақ белсенді түрде жұмыс іздеушілер адамдардың жұмыссыздар санына есептелген республикадағы жұмыссыздардың жалпы әлеуеті 1,5 млн. адам болды.

Еңбек нарқының жұмыспен қамту мен жұмыссыздықтың жай-күйін айқындаушы әсер мен экономиканың тұрақтануына, Үкімет Бағдарламасының орындалуына нақты мүмкіндіктер жасайды. 1996 жылы негізгі макроэкономикалық өлшемдер жұмысқа қамтуға мейлінше қолайлы болады деп күтіліп отыр. Дегенмен дағдарыс тенденциясын толық тоқтатудың сәті түспейді.

Нарықтық реформаны тереңдету мен оны одан әрі дамыту жұмыссыздықтың әлеуметтік зардаптарын жұмсартуға бағытталған шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруды талап етеді.

Болжамдар 1996 жылы еңбек нарқы мынадай факторлардың әсерінен қалыптасатын болатындығын көрсетіп отыр:

өндірістің құрылымдық қайта құрылуы: жекешелендіру, банкроттық, қайта бейімдеу;

инвестициялық мүмкіншіліктер, жұмыс орындарының экономикалық тиімділігін сақтау және жаңаларын ашуға байланысты;

кәсіпорындар мен ұйымдардан қызметкерлердің босау ауқымы;
республикаішілік және сыртқы көші-көн ауқымы.

Қазақстан экономикасын сауықтыру мақсатында өндірісті құрылымдық қайта құруды, қайта жарақтауды, бәсекелес ортаны қалыптастыруды жеделдетудің өзектілігі кәсіпорындарда басы артық жұмыс күшін босатуды, рентабельсіз өндірістерді таратуды объективті түрде талап етеді, бұл осыған орай жұмыссыздықтың өсуіне апарды.

Кәсіпорындар тарапынан жұмысшы күшіне деген қосымша сұраныс төмендейді. Барлық материалдық өндіріс салаларында жұмыс істеушілердің санының азаюы күтіліп отыр. Дәрменсіз кәсіпорындардың арасында құрылыс және ауыл шаруашылығы ұйымдарының көпшілігі болуы мүмкін. Мұның бәрі еңбек нарығындағы жағдайды шиеленістіруге апарды.

Экономиканың аграрлы секторындағы халықты жұмыспен қамту еңбек нарығында айрықша өзектілікке ие болады.

Болжамдық бағалаулар бойынша село халқының саны 1996 жылы 7278,5 мың адам, ал еңбек ресурстарының саны 3518,3 мың адам болады. Село халқын жұмыспен қамту деңгейі 68,7% дейін одан әрі төмендейді деп күтіліп отыр (1994 жылы - 69,6%).

Бұл АОК-ті реформалаудың жалғасуына мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендірудің аяқталуына, жаңа агрофирмалардың, шаруа (фермерлік) қожалықтарының құрылуына, "жасырын" жұмыссыздықтың ашық орнығуына байланысты.

Алайда ауыл шаруашылығында кіші және орта бизнесті қолдау мен дамытуға республикалық бюджет есебінен 3,5 млрд. теңге қаражат бөлу көзделіп отыр, бұл жұмыспен қамту жағдайын біршама жұмсартуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің болжамы бойынша, экономика саласында істейтін азаматтар саны 1995 жылмен салыстырғанда 6,1 млн. адамға, яғни 3,2 процентке дейін төмендейді.

Жұмыссыздықтың біршама үлкен деңгейі Қызылорда, Семей, Солтүстік Қазақстан, Атырау облыстарында сақталады, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі - Қарағанды облысы мен Алматы қаласынан күтіліп отыр.

Әйелдерді, жастарды, зейнет жасы алдындағы адамдарды, мүгедектерді және еңбек нарқында әлсіз қорғалған адамдарды жұмыспен қамту мәселесі өтешіленісетүседі.

Ашық еңбек нарығында жұмыс күшіне деген сұраныс өсе түседі. Бұл факторлардың бірі "село-қала" түріндегі көші-көн процесінің жалғаса түсуі болып табылады. Селолық жерлерден қалаға білігі аз жастардың лекілдеп келуі жұмыссыздардың қатарын толтыру мен қаланың нысансыз секторындағылардың санын өсірудің бір себебі болады.

Жұмыспен қамтылмаған халықтың едәуір өсуі еңбек нарығында жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақының өсуіне байланысты толтырады. Мұнда халықтың икемсіздігі мен сұраныс пен ұсыныстың арасында тепе-теңдіктің болмауынан кәсіби біліктілігі және аумақтық тұрғыда ұзақ уақыт бойы жұмыссыздар жігін қалыптастыратын болады.

Нәтижесінде 1996 жылы жұмыспен қамту қызметіне 530 мыңға жуық адам өтініш жасайды, оның тек әрбір 5-шісі ғана жұмысқа орналаса алады, ал 420 мың адам немесе экономика саласында істейтіндердің жалпы санының 6,9 проценті жұмыссыздар деп танылады.

Болжам 1993-1995 жылдары қалыптасқан жағдайлардың нақты деректерін, кәсіпорындардың және жұмыссыздыққа қатысты әлеуметтік саланы конверсиялау саласындағы саясат туралы Меморандумның ережелері мен шарттарына, Үкімет бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің талдауы мен болжамына негізделіп отыр.

II. 1996 жылы жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары

Үкімет бағдарламасына сәйкес нарықтық жағдайлардағы халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешуде дәстүрлі, сондай-ақ дәстүрден тыс әдістер жұмыс істейтін болады.

1996 жылы жұмыспен қамтуды қолдау мен дамытуға байланысты саясаттың негізгі бағыттары мыналар болып белгіленеді:

өндіріс көлемінің төмендеуіне, инфляцияға және жұмыс орындары жүйесінің тұрақсыздығына байланысты қолайсыз макроэкономикалық тенденцияларды болдырмау;

экономикалық балама, мемлекеттік емес секторларында жұмыспен қамтуды дамыту және кеңейту үшін жағдайлар жасау;

амалсыздан жұмысын жоғалтқан немесе жұмыстан босап қалу қаупінде жүрген азаматтарды тиімді нысаналы қолдау мен қорғауды қамтамасыз ету;

жұмысқа орналасуда қиыншылықты бастан кешіп жүрген еңбекке қабілетті топтардың жұмыспен қамтылуына қосымшаға жәрдем беру;

жұмыссыздықтың өсуін ұстау;

жаппай жұмыстан босаудың алдын алу мақсатында "жасырын" жұмыссыздық ахуалындағы, әсіресе қалалардағы кәсіпорындарды қайтарымды негізде іріктемелі қаржылық қолдау;

ұзақ жұмыссыздықтың зардаптарын жұмсарту (қоғамдық жұмыстар мен жұмыссыздарды уақытында жұмыспен қамтуды дамыту, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау, оқыту мен кәсіби даярлаудың негізгі жүйесін құру);

жұмыссыздардың арасынан кәсіпкерлік кадрларын оқыту мен қайта

даярлауды ұйымдастыру негізінде шағын бизнесті және кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу.

Халықты экономикалық қолдауға бағытталған негізгі шаралар жаппай жұмыссыздық қаупін жою, экономикалық тиімді жұмыс орындары мен кадрларды сақтау, сондай-ақ перспективалы салалар мен өндірістерде жаңа жұмыс орындарын құру.

Бұған мынадай жолдар арқылы жетуге болады:

инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттік қорынан (бұдан әрі - Жұмыспен қамту қоры) жұмыстан босау қаупінде жүрген қызметкерлерге қайтарымды негізде материалдық қолдау көрсету;

қосымша жұмыс орындарын, әсіресе халықтың әлеуметтік-әлсіз санаттары үшін ашу;

жұмыстан босау қаупінде жүрген қызметкерлерді алдын ала кәсіптік оқыту, оның негізгі міндеті жұмыстан босаған қызметкерлерге қосымша кәсіби дағдылар мен тезірек жұмысқа орналасу үшін білім алу мүмкіншілігін беру болып табылады. Белсенді саясаттың шеңберіндегі басым бағыттар мыналар: жұмысқа орналасуға жәрдемдесу; еңбек нарығында жұмысқа орналасуда шектеулі мүмкіндіктері бар адамдарды, жұмыс орындарын квоталауды қоса алғанда, жұмыспен қамтуда қосымша жәрдем көрсету; қоғамдық жұмыстарды, халықты уақытша жұмыспен қамтуды (маусымдық) ұйымдастыру, кәсіпкерлік пен өзін-өзі қамтуды дамыту; кәсіби оқыту және консультация беру. III. Азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар 3.1. Жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу Еңбек нарығында жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысын реттеу мақсатында еңбекпен қамту қызметі мынадай қызмет көрсетулерді жалғастырады: жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы азаматтарды хабардар ету; жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша қызметкерлерді іріктеу; қолайлы жұмыс орындарын іріктеу; бос орындар жәрмеңкесін өткізу; жұмыссыздарды оқыту және қайта оқыту; жұмыс іздеуде қиындық көрген азаматтарға жұмыс іздеу дағдыларын үйрету және кеңес беру; жұмыспен қамту қызметінің қолдауымен 110 мың адамға жұмыс беріледі. 3.2.

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмаған азаматтарға уақытша жұмыс орнын табуға мүмкіндік береді.

Қоғамдық жұмыстар мыналарды қамтиды:

қалалық жерлерде: қалаларды экологиялық тазалау, тротуарларды төсеу, мектептер мен ауруханаларды жөндеу, күндізгі балабақшаларындағы жұмыс, жас көшеттер, көкөністер, жемістер, гүлдер және басқаларды өсіру;

ауылдық жерлерде: шағын суландыру жұмыстары, жол салу, тұрғын үйлер мен мектептер салу, топырақ қорғау мен ағаш отырғызуды жүргізу.

Қалалық және ауылдық жерлерде қоғамдық жұмыстармен айналысатындар, бұдан басқа, қартайғандарға, мүгедектерге қызмет, ауруларды күту мен балаларды бағуға көмек көрсетеді.

Төменгі біліктілікті қызметкерлердің ішінен 44,9 мың жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстармен қамту және оқушылар мен студенттерге оқудан бос уақытында жұмысқа орналасуына жәрдем көрсету, бұған арнап Жұмыспен қамту қорынан 342 млн. теңге жұмсау көзделуде.

3.3. Өз бетінше жұмыс істеуді, кәсіпкерлікті, шағын бизнесті дамытуға жәрдемдесу

Жұмыспен қамту қызметтерінің өз бетімен жұмыс істеу, шағын бизнес пен кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары мыналар болады:

жұмыссыздарға кәсіпкерлік негіздерінің кәсіби оқуын ұйымдастыру;

жұмыспен қамту қызметтерінің Қазақстанның өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері одағымен, Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қазақстандық орталығымен, Қазақстан фермерлерінің "Қазагро" ұлттық федерациясымен және басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес экономикалық құрылымдарымен әзірлеген шарттары, келісімдері, бірлескен іс-қимыл жоспарлары мен шаралары негізінде өз ісін ашуына жәрдемдесу. Шарттарда негізінен жұмыссыздарды және кәсіпорындар мен ұйымдардан республиканың жұмыспен қамту қызметтерімен шарттық негізде босатылған қызметкерлерді даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету көзделген;

кәсіпкер ретінде олардың тиімді қызметінің мүмкіндіктерін айқындау мақсатында жұмыссыздарға кеңес және кәсіби бағдар беру.

1996 жылы өз ісін ұйымдастыратын 3,3 мың жұмыссызға қолдау көрсетілетін болады.

3.4. Жұмыссыздарды кәсіби оқыту және қайта оқыту

Жұмыссыздарды оқыту және қайта оқыту - жұмыспен қамту белсенді саясатының маңызды бағыты. Жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің органдары 1996 жылы 30 мың адамға кәсіби оқудан, қайта оқудан және біліктілігін көтеруден өту мүмкіндігін беруді көздеп отыр, бұған арнап Жұмыспен қамту қорынан 1,3 млрд. теңге жұмсалады. Оқитын контингенттің негізгі санаттары әйелдер, 30 жасқа дейінгі жастар, мүгедектер және басқалар болып табылады.

Бұл міндеттерді шешу үшін мыналар көзделуде:
мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың кадрларға мұқтаждығын , кәсіби оқуды және кәсіби бағдарды қажет ететін жұмыссыздардың кәсіби-біліктілік құрамын зерттеу және талдау және осы негізде кәсіптер мен мамандықтар тұрғысынан болжамдар жасау, оларды білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде жеткізу;

жұмыссыздарға кәсіби даярлау мен кәсіби бағдар беруді үйлестіруді қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік-әлсіз жіктерінен шыққан жұмыссыздарға е р е к ш е к ө ң і л б ө л у ;

жұмыспен қамту қызметінің клиенттеріне олардың мүдделері мен еңбек нарығының қажетсінуін ескере отырып кәсіп немесе жұмыс орнын іріктеу бойынша кәсіби бағдар кеңестерін жүргізу, осы мақсатқа арнап кәсіптер, оқу орындары туралы ақпараттық деректер банкін құру;

жұмыссыздардың оқуын әсіресе жастар мен әйелдердің ішінен, жеке меншік кәсіпкерлікті, шағын бизнесті, фермерлік қожалықты жүргізуді дамыту үшін жаңа кәсіптер бойынша, мұнымен бірге аймақтың ұлттық, географиялық, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ерекшеліктеріне көңіл бөле о т ы р ы п ұ й ы м д а с т ы р у ;

Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесіп жұмыссыздардың ішінен азаматтардың кәсіби даярлығын ұйымдастыру үшін оқу орындарын іріктеу кезінде тендер мүмкіндіктерін белсенді пайдалану, оларды мамандарға берілетін біліктілігі еңбек нарығын талаптарына жауап беретін дамыған оқу базасы бар оқу мекемелеріне кәсіби оқуға жіберу;

шетел мемлекеттерінің шағын бизнесті, кәсіпкерлік пен жеке еңбек қызметін дамыту бөлігінде МОТ тәжірибесін пайдалана отырып жұмыссыздарды оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін енгізу мемлекеттік емес кәсіпкерлік одақтармен, бірлестіктермен, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту орталықтарымен оқып шыққан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсету жөнінде бірлескен шараларды жүзеге асыру;

олардың кейіннен босаған және жаңа жұмыс орындарына жұмысқа орналасуы мақсатында босатылған қызметкерлердің мерзімінен бұрын кәсіби оқуын жүргізуді кәсіпорындар мен ұйымдарға жәрдемдесу;

аймақтық экономикалық мұқтажы есебімен жұмысшылар мен мамандар даярлаудың көлемі мен салаларына түзету енгізуді білім беру мекемелеріне ақпараттық және әдістемелік көмек көрсету;

запасқа шыққан әскери қызметшілер және жұмыссыздар үшін, осы мақсатқа Жұмыспен қамту қорынан 75 млн. теңге бөліп, Алматы облысының Түрген поселкесіндегі Республикалық оқу орталығының құрылысын аяқтау.

3.5. Еңбек нарығындағы бәсекелестігі төмен санаттардың (жастар, әйелдер, мүгедектер) жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу

3.5.1. Әйелдердің жұмыспен қамтылуы

Республикада әйелдер саны 8,5 млн. адамды немесе барлық халықтың 51,3 процентін құрайды, оның ішінде 3,0 миллионнан көп адам экономика саласында жұмыс істейді.

1995 жылы жұмыссыз әйелдердің саны жұмыссыздардың 57 процентін құрап, өткендегі жылмен салыстырғанда 1,6 еседен артық өсті. Маңғыстау, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарында олардың саны неғұрлым көп орын алды. Жұмыс күшіне сұраныстың төмендеуі жағдайында жоғары және арнаулы білімі бар әйелдерге жұмыс табудың іс жүзінде келешегі болмай отыр.

Әйелдерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында мыналар көзделуде: әйелдер жұмыссыздығының өсу тенденциясының мониторингі. Бағалы бағдарларды және еңбек нарығында жұмыссыз әйелдердің бастамашылық қызметке психологиялық әзірлігін айқындау жөніндегі әлеуметтік зерттеулер ұйымдастыру;

жаңа мамандықтарға, кәсіпкерлік қызметке үйретуді кеңейту, жұмыс істеп жүрген әйелдердің біліктілік және еңбекақы төлеу дәрежесі бойынша кейін калуын жою, бала тууына немесе оны күтуіне байланысты жұмысында үзіліс болған әйелдерді қайта даярлау мен біліктілігін арттыру жолымен әйелдердің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету;

өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ету бағдары бойынша әйелдерді кәсіптік оқытуды қамтамасыз ету;

өз ісін тіркеуге (жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп) жәрдемдесу; "Іскер әйел" клубтарын ұйымдастыруға жәрдем көрсету; аймақтық деңгейде әйелдердің жұмыспен қамтылуын реттеудің сақтандыру бағдарламаларын әзірлеу;

халық тұтынатын тауарлар жасап шығару, тұрмыстық қызмет, көркемөнер кәсіпшілігі саласында әйелдер үшін жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдем көрсету.

3.5.2. Жастарды жұмыспен қамту

Қазіргі кезде Қазақстанда 16-29 жас арасындағы 4 миллионнан астам адам тұрады, бұл бар халықтың төрттен бір бөлігін немесе еңбекке қабілетті жастағы халық санының 40 процентін құрайды, олардың 1 миллионға жуығы жұмыс істемейтін және оқымайтын жастар болып табылады.

1995 жылы республикада орташа есеппен алғанда жұмыссыздардың әрбір үшіншісі 30 жасқа дейінгі адам болды.

Жұмыссыз жастар саны әсіресе ауылдық жерлерде тез өсіп отыр. 1995 жылы ол 1994 жылмен салыстырғанда 1,7 еседен артып 42 мың адамға жетті.

Жұмыспен қамту қызметінде тіркелген жұмыссыз жастардың үштен біріне жуығы оқу орындарының түлектері болып табылады.

Жастарды жұмыспен қамту проблемаларын шешу мақсатында жұмыспен қамту қызметінің іс-қимылы мыналарға:

оқу орындарының түлектеріне жұмысқа тұруы үшін қосымша кәсіп (мамандық) алу, үйрену мүмкіндігінің бар екені туралы хабарлауға;

жастарды уақытша (маусымдық) жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға; жастардың кәсіпкерлігін, өзін жұмыспен қамтуын дамытудың, арнайы оқу курстарын ұйымдастырудың аймақтық жобаларын жүзеге асыруға жәрдем көрсетуге;

оқу орындарын бітірушілер үшін жергілікті атқарушы өкімет органдары жүзеге асыратын жұмыс орындарын квоталау тетігін жетілдіруге;

екі-үш сабақтас кәсіпке үйрету арқылы жастардың жұмыспен қамтылмаған бөлігінің кәсіптік және аумақтық жылжымалылығын көтеруге;

тербелмелі миграцияны, вахталық жұмыс әдісін дамыту, жастардың жұмыс қолы жетімсіз аймақтарға көшіп, онда орнығуы мақсатында жастарды жұмыспен қамтуға жәрдем көрсетуге арналған вакансиялардың аймақаралық банкін ашуға шоғырландырылады.

3.5.3. Мүгедектерді жұмыспен қамту

Республикада мүгедектер саны 301,9 мың адам немесе халықтың жалпы санының 1,8 проценті, олардың ішінде 31,2 мың адам қоғамдық өндірісте жұмыс істейді. Бұл ретте бірінші топтағы мүгедектердің 2,5 проценті, екінші топтағы мүгедектердің 3,2 проценті, үшінші топтағы мүгедектердің 31,2 проценті жұмыс істейді.

Нарықтық экономикаға көшу кезінде мүгедектер еңбек нарығындағы ең дәрменсіз, тиімді әлеуметтік қолдауға мұқтаж топтардың біріне енді.

Жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызметі мынаны көздеп отыр: мүгедектерді арнайы құрылған немесе квоталанатын жұмыс орындарына қабылдауға жіберу арқылы олардың жұмысқа орналасуына көмектесуді; жабдықтарды сатып алу мен жұмыс орындарын бейімдеуге кеткен шығындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорынан қайтару арқылы қосымша жұмыс орындарын құруға жәрдем көрсетуді, бұл үшін 50 млн. теңге жұмсау көзделіп отыр.

3.5.4. Село халқын жұмыспен қамту

Аграрлық сектордағы өндірістің құлдырауы, жұмысшылардың босап қалуы ілесіп келе жатқан нарықтық өзгерістер село еңбек нарығындағы жағдайды қиындатты.

Селолық жердегі еңбек нарығының ерекшеліктері:

дамымаған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар, қосымша жұмыс орындарын құруға арналған инвестициялардың шектеулі шалғай селолық аудандардың болуына;

кейбір селолық аудандардың жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру өте қиын экологиялық апат аймақтарда орналасуына;

еңбек миграциясына және оның селолық еңбек нарығына әсер етуіне, 90 проценттен астамы селолық жерлерде орнығып қалатын босқындардың, тарихи отандарына қайтқан репатриант-босқындардың, қоныстануына;

селолық еңбек нарығында үштен бірге жуығының мамандығы жоқ жұмыспен қамтылмаған ауылдардың басым болуына байланысты.

Көптеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары меншік нысандарын өзгерте отырып, еңбек нарығын толықтырып отырған жұмысшыларды жұмыстан босатты.

Селолық жерлердегі экономикалық белсенді халықтың саны есеп бойынша 1995 жылы 2140 мың адамға кеміді, жұмыспен қамту деңгейі еңбек ресурстарына карағанда тиісінше 69,6 процентке кеміді.

Селодағы еңбек нарығында жұмыссыздық аймақтар бойынша: Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай облыстарындағы 1,2-1,3 проценттен бастап, Атырау мен Семей облыстарындағы 7,8-11 процентке дейін баратыны көрініп отыр.

Село халқын еңбекпен қамтуға жәрдемдесу мақсатында:

жұмысшыларды жаппай босатып жатқан кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы жағдайын осы процестерді тоқтату немесе кезең-кезеңімен жүргізу мақсатында сараптаудан өткізу;

жұмыс қолы асып жатқан оңтүстік аудандарға жасырын жұмыс миграциясын, репатриант-босқындардың бөлінуін тәртіптеуге;

жем-шөп әзірлеу, егін жинау, төлдету науқаны және басқа да қоғамдық маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарын өткізуді ұйымдастыру, халыққа әлеуметтік салада қызмет көрсету;

қиын-қыстау жағдайдағы селолық аудандардағы жаңа жұмыс орнын құрған, шағын бизнесті дамытуға, кадрларды даярлауға жәрдемдесетін жұмыс берушілерге жекешелендіруден түскен ақша қаражатының бір бөлігін беру арқылы сараланған қолдау көрсету тетігін енгізу;

шағын қуатты технологиялық жабдықтарды орнату арқылы ауыл

шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөнінде бірлескен және басқа да кәсіпорындар
құруға жәрдем көрсету;

әрбір селолық аудандардағы тапшы кәсіптер мен қажет болмай қалған
кәсіптер бойынша деректер банкін құру, бұл туралы халыққа хабарлау;

жұмыспен қамтылмаған халықты, әсіресе кәсіпкерлік қызмет бейіні бойынша
жастарды даярлауды жүзеге асыратын мемлекеттік емес бизнес орталықтарына,
кәсіпкерлер мектебіне жәрдем көрсету;

шаруа (фермерлік) қожалықтарын ұйымдастыруға, жеке қосалқы
шаруашылықтарын қолдауға, тұтынушылар кооперативтерін құруға жәрдемдесу
көзделіп отыр.

Азия Даму Банкінің ауыл шаруашылығы секторына арналған Бағдарламалық
заемының саяси матрицасында көзделген шаралар шеңберінде 1996 жылдың 1
шілдесіне дейінгі мерзімде селоның жұмыссыз халқын оқытудың республикалық
және аймақтық бағдарламалары әзірленсін.

3.6. Жұмыс орындарын квоталау

Әлеуметтік әлсіз қорғалған халықтың тобын, оның ішінде жастарды, жалғыз
басты адамдарды, көп балалы әйелдерді, жасы кәмелетке толмаған мүгедек бала
тәрбиелеп отырған аналарды, түрмеден босап келгендерді, запасқа шыққан
әскери қызметшілерді және жұмыс іздеуде қиыншылық көрген басқа да
әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерді ("Халықты жұмыспен қамту туралы"
Заңның 7-бабы) кәсіпорындарға, ұйымдарға жұмысқа орналастыру үшін 1996
жылы квота белгіленеді.

Квоталанған жұмыс орындары бар кәсіпорындар тізімін әр аумақтың (аудан,
қала) әкімдері бекіткен қаулысына сәйкес жұмыспен қамту қызметі анықтайды.

Республикада квота бойынша 35 мың адамды, оның ішінде 20 мың - 21 жас
шамасындағы жастарды, 5 мың - әйелдерді, 4 мың - мүгедектерді жұмысқа
орналастыру ұйғарылды.

3.7. Еңбек көші-қонын реттеу. Ішкі еңбек нарығын қорғау

Жұмыспен қамту қызметін қолдаудағы көші-қон саясатының бір бөлігі,
мамандандырылған жұмысшы күшіне деген ұсыныспен сұраныстың
аралығындағы географиялық айырмашылықты жеңу, ішкі нарықты қорғау,
уақытша жұмысшы күшін шетелде пайдалану есебінен, еңбек нарығындағы
шиеленісті жұмсарту көшіп-қонушылардың еңбек құқы мен мүдделерін қорғауға
бағытталған.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі әкімдермен бірлесе отырып, 1996

жылы төмендегі шараларды жүзге асыруға тиіс:

экологиялық апат зардабын шеккендерді (Семей, Қызылорда облыстарын) және Оңтүстік Қазақстан облысындағы артық еңбек күшін экономикалық жағдайы жақсы дамыған аймақтарға өз еркімен көшіруді ұйымдастыру. Республиканың еңбек күші артық аймақтардан Жезқазған облысының Приозерск қаласына ерікті көшіру көзделген, мүдделі республикалық, облыстық органдар облыс және қала әкімдерімен бірлесіп отбасыларын қабылдап, оларды тұрғын үймен қамтып, қосымша жұмыс орындарын құруға қосымша шаралар қолдану;

жергілікті еңбек нарқының жағдайына байланысты облысаралық ауысым әдісіндегі жұмысты ұйымдастыру арқылы ішкі көші-қонға көмектесу (яғни, жергілікті еңбек нарығында жоқ мамандарды тарту);

шетелдермен тиісті келісімге келу жолымен уақытша көшіп келгендердің құқы мен мүддесін, сонымен қоса көшіп келгендердің қайтудағы құқын қорғау шараларын қамтамасыз ету арқылы жұмысшы күшінің келушілері мен кетушілерінің жағдайын реттеу;

жасырын еңбек көші-қонына тыйым салу және көші-қонға бақылауды ұйымдастыру.

Шетел жұмысшы күшін пайдалану қызметі, сонымен қатар шетелге Қазақстан Республикасынан кеткен жұмысшы күшін пайдалану лицензиямен келісім негізінде жүзеге асады.

3.8. Еңбек нарқындағы жағдайы қиын аймақтарға жұмыспен қамту қызметінің көрсететін көмегі

Республикадағы еңбек нарқының шиеленіскен жағдайы барлық жұмыссыздардың 55 проценті шоғырланған Оңтүстік Қазақстан, Семей, Батыс Қазақстан, Атырау, Алматы, Павлодар облыстарының селоларындағы еңбек нарқының жағдайымен анықталынады.

Осы аймақтарда біраз шараларды жүзеге асыруға тура келеді: қызметкерлерді жаппай жұмыстан босатып жатқан кәсіпорындар мен ұйымдардың, әсіресе қайта құру және банкротқа ұшырағандарының финанс жағдайларына экспертиза жүргізу; қызметкерлерді босату процесін тоқтату немесе оны сатылап жүргізу; әлеуметтік шиеленісті жеңілдету үшін шұғыл қысқаша шаралар бағдарламасын жасау; жаппай қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру; босаған қызметкерлер мен жұмыссыздарды, сол аймақтағы еңбек нарқының қажетіне сәйкес, оқып болғаннан кейін жұмысқа орналастыру немесе жеке кәсіпкерлікпен айналысу мақсатымен қайта оқытуды ұйымдастыру; 200 адамнан астам қызметкері бар кәсіпорындар тоқтағанда жұмыстан босағандар үшін кәсіпорында есеп жүргізіп және бағдар беретін уақытша тіректер құру. 3.9.

Жұмыссыздарға жұмыссыздығы жөнінде жәрдемақы төлеу және материалдық көмек көрсету Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі 1996 жылы жұмыссыздарға жәрдемақы төлеу мен материалдық көмек көрсетуді әрі қарай жалғастырады. 1996 жылы жұмыссыздылығы жөніндегі жәрдемақыны 340 мың адам алады деп күтілуде, жұмыспен қамтуға көмектесу қорынан осы мақсатқа 4,24 млрд. теңге бөлінбек. Жәрдемақыны төлеу есептеле отырып, жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауды жетілдіру. IV. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БАҒДАРЛАМАСЫН АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ 4.1. Жұмыспен қамту қызметін қамту

Жұмыспен қамту қызметі өз дамуында мүмкіндіктерін жүктелген міндеттеріне сәйкес келтіріп, қажет болған жағдайда еңбек нарығындағы ахуалдың күні бұрын тез өзгеруіне өздерінің әсерін тигізуді мақсат етеді.

Жұмыспен қамту қызметі толассыз келіп жатқан азаматтарға қызмет көрсетуді, компьютерлік жүйе енгізу, жұмыспен қамтуға көмектесу бағдарламасының үдемелі ақпаратын қолдану және жұмыспен қамту қызметі қызметкерлерінің білімін көтеру арқылы жақсартады.

Жұмыссыздығы жөніндегі жәрдемақыны есептеу, жұмыс орындарын іріктеу, жұмыссыз адамдарға кәсіби бағдар беру және есеп жүргізуде жұмыстың ең негізгі түрлерін автоматтандыру қарастырылуда.

Бүкіләлем Банкінің әлеуметтік қорғау жобасын жүзеге асыру негізінде 1996 жылы Петропавл, Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл, Ақмола, Атырау, Семей, Талдықорған (күтпеген жағдайларда, үлгі орталықтарын ұйымдастыратын резервті жерлер Алматы, Қарағанды, Өскемен қалалары болып саналады) қалаларында Үлгілі жұмыспен қамту орталықтарын салу қ а р а с т ы р ы л у д а .

4.2. Еңбек нарығының мониторингі. Ақпаратпен қамтамасыз ету

1996 жылы еңбек нарығының жағдайы және жұмыспен қамту қызметінің іс-әрекеті жайлы ақпарат жүйесін қалыптастыру шаралары жүзеге асырылады, бұл жұмыспен қамту саласында аймақтық конъюнктураның тез өзгеріп отыруына көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Еңбек нарығындағы ақпарат жүйелерінің негізгі элементтері:

халықты және жұмыс берушілерді еңбек нарығының жағдайы және жұмыспен қамту қызметінің ұсынған қызметі жайлы ақпарат құралдары арқылы хабарлау; еңбекпен қамту қызметі мен оның жұмысын жоспарлау деңгейінде басқару шешімін қабылдау үшін ақпарат жинау; 1996 жылы халықты жұмыспен қамту қызметінің саясатын ақпараттау жүйесін қалыптастырудың ең негізгі элементтері

; халық пен жұмыс берушілерді еңбек нарығының жағдайы туралы ақпарат құралдары арқылы хабарлап отыру; нұсқау кітапшаларды, плакаттарды, басылымдарды тарату арқылы өз еркімен жұмыс іздеушілерге көмектесу; болашағы бар және қажетсіз мамандықтар туралы бос жұмыс орындары жайлы мәліметтерді жариялау арқылы азаматтарды жұмысқа орналастыру, оларды оқыту және қайта оқыту; халыққа телефон арқылы және жазбаша түрде еңбекке орналастыру мәселесі жайлы кеңес беру үшін сырттай мектептер ашу. Еңбек нарқының мәселелері туралы және жұмыспен қамту қызметінің бағдарламасын жүзеге асыруға баға беруге іріктелініп зерттеу жүргізу қарастырылуда.

4.3. Заңдық және нормативтік қамтамасыз ету

1996 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, басқа орталық және жергілікті атқару органдарымен бірлесіп "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына өзгерістер мен толықтырулар жайлы ұсыныс әзірлесін, мынадай нормативтік актілер дайындасын:

"Ерікті қоныс аудару туралы" Қазақстан Республикасының Заң жобасы;
банкротқа ұшыраған кәсіпорындарда жұмыссыз қалған азаматтарға жеңілдік жасау мен кепілдік берудің тәртібі туралы ережелер;

жұмыспен қамту орталықтарына жаппай жұмыстан босату және бос жұмыс орындары жайлы мәліметтерді хабарлау тәртібі туралы ережелер;
жұмыссыздар мен бос жүрген халықтың кәсіби оқуын қаржыландыру туралы ережелер;

жұмыссыздар мен олардың отбасыларына материалдық көмек көрсетудің шарттары мен тәртібі туралы ережелер;

жұмыссыздарға жәрдемақы төлеудің шарттары мен тәртібі туралы ережелер;
нақты жұмыссыздық пен оның жеткен шегін анықтау туралы ережелер.

4.4. Жұмыспен қамту бағдарламасын қаржымен қамтамасыз ету

Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін жұмыспен қамтуға көмектесу Қорынан 5,7 млрд. теңге бөлінеді, оның ішінде: жұмыссыздарды дайындау мен қайта дайындауға - 1,26 млрд. теңге, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға - 190,1 млн. теңге, жұмыссыздығы жөнінде жәрдемақы төлеу үшін - 4,24 млрд. теңге.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін дамытуға 536 млн. теңге бөлу ұйғарылды, оған осыған жататын мамандарды оқыту мен олардың біліктілігін көтеру жұмыспен қамту қызметін техника құралдарымен және оргтехникамен жабдықтау, қызмет жайларын жалға беру, сонымен қоса жарнама-баспа жұмыстарын және халықты жедел хабарлап отыру жатады.

Осыған орай, Бүкіләлем Банкінің займ қорынан техникалық жобаны жүзеге асыру үшін 3,8 млн. американ долларын жұмсау, ал жұмыспен қамтуға көмектесу Қорынан Бүкіләлем Банкінің займын пайдаланғаны үшін процентін төлеу ретінде - 16,3 млн. теңге бөлу ұйғарылды.

Конверсияланған кәсіпорындардың шығынын толтыру үшін жұмыстан босаған қызметкерлерді дайындауға 26,6 млн. теңге, мүгедектерге ыңғайлы құрал сатып алу үшін 50 млн. теңге жұмсалады.

Қоныс аудару шараларын және үй құрылысын қаржыландыруда жұмыспен қамтуға жәрдемдесу Қорының жалпы шығыны 7 миллиард теңгеге жуық болады

д е п к ү т і л у д е .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК